# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
# Ш Е Ш І М

2026 жылғы 15 қаңтар іс №7119-25-00-2/15416 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Э.Е.Ебенбаева оңайлатылған (жазбаша) тәртібінде электронды азаматтық ісін қарады:

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
Астана қаласы әкімдігінің «ASTANA POLYTECHNIC» жоғары колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын

**ЖАУАПКЕР:**
«Ерке» дара кәсіпкері

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:**
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану

**ҚАРАР БӨЛІГІ:**

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 117, 223-226, 267-4-баптарын басшылыққа алып,

**ШЕШІМ ЕТТІ:**

Талап қоюшы Астана қаласы әкімдігінің «ASTANA POLYTECHNIC» жоғары колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынының жауапкер «Ерке» дара кәсіпкеріне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

«Ерке» (ЖСН 731224301219) дара кәсіпкері мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Ерке» (ЖСН 731224301219) дара кәсіпкерінен мемлекет пайдасына 2 163 (екі мың бір жүз алпыс үш) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот

шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

**Судья** **Э. Ебенбаева**

Құжатқа қол қойылған: Ебенбаева Э. Е., 15.01.2026

Заңды күшіне енген күні: 24.02.2026, судья Ебенбаева Э. Е., 03.03.2026

7119-25-3-1/15614